

MATERIALS

OF THE XI INTERNATIONAL SCIENTIFIC
AND PRACTICAL CONFERENCE

**«TRENDS OF MODERN SCIENCE -
2015»**

May 30 - June 7, 2015

**Volume 10
History
Philosophy
Music and life**

Sheffield
SCIENCE AND EDUCATION LTD
2015

SOCIAL PHILOSOPHY

Есбол Ғалымқазы Шәріпұлы

А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай мемлекеттік университеті, Қазақстан

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ МЕН АБАЙ – ҰСТАНЫМДАРЫНЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

*Тағдыр кілті...өзімізден бәрі де,
Лайықсың ба? Биіктейсің әріге.
(Ж.Баласағұни)*

XXI ғасыр қазақ халқына бір жағынан Тәуелсіздіктің ақ таңын атырса, екінші жағынан ғаламды шарлаған нарықтың дағдарыстың қатал ызғарын алып келді. Дүниежүзілік тарихқа көз жүгіртсек, кезінде дәуірлеп, өзіндік ізін қалдырып, мәңгілікке кеткен өркениеттер (Ұлы Туран, Шумер, Антик т.б.) болғанын білеміз. Олар да адамзат баласының өмірі секілді жасарын жасап, уақыты біткенде келмеске кетуге мәжбүр болды. Табиғат – заңдылығы дейміз бе, философиялық диалектикалық заңдылыққа жатқызамыз ба, деген сауалға нақты жауап бере алмаймыз. Бірақта, XI ғасырдың аса көрнекті ақыны, есімі бүкіл Шығыс елдеріне танымал ақылман, философ, белгілі қоғам қайраткері Жүсіп Баласағұниға құлақ түрсек:

*Тағдыр кілті...өзімізден бәрі де,
Лайықсың ба? Биіктейсің әріге.*

дегендей уақытында болған да, бүгіндегі болып жатқан да мемлекеттер арасындағы, қоғам мен қауымдар ішіндегі теке-тірес пен қарама-қайшылықтар адамзаттың иррационалдық қылығына және іс-әрекетіне тікелей байланысты екеніне көзіміз әбден жетіп отыр.

Президентіміз Н.Назарбаев: «Тарих толқынында» атты еңбегінде: "Алдағы міндет ұлт мәдениетінің ұлы тұлғасын кезеңдік бұрылыстарда тарих сахнасына "шығара" білуде болса керек." [1] екенін рухани мұраларымыздың құндылықтарын жете түсінген кезде, біз кімбіз және дүниеде қандай орын бізге тиесілілігіне жауап бере аламыз.

Алғы мемлекеттермен нық тиістіре аламыз деген ақылға қонымды ой айтқан болатын.

Ұлттық тарихымызға көз жүгіртсек, XX ғасырда бодандықтың кісенінен құтылуға барша күш- жігерін салып және өмірін құрбан еткен арыстарымыз Ахмет Байтұрсынұлы мен Абай Құнанбайұлына тоқтала кетейік. Қарияларымыз ренжігенде «Тегін білмеген тексіз» деп налиды екен. Сондықтан әрбір қазақ баласы өзімізге ғана тән ата – дәстүрімізді ту етіп алға ұстағанда ғана шашырап

кетпей, елдігімізді әлемге таныта аламыз. Әсіресе жастардың осыны мықтап ұғынғаны абзал.

А.Байтұрсынұлы « Азаматқа » атты арнауында:

Бай болып қызметке малданбалық
Жігіттер қызметтен жасымалық,
Балықыша басымыздан сасымалық.
Ем қонбас дем төмендеп кеткеннен соң,
Алуға ауыру атдын асығалық. [2]

деп, Ахаң мына қысылтайаң заманда дүниеқорлыққа бой ұрмай, ұлттық қадір – қасиетімізді жоғалтпай, халқымызға қызмет ету қажеттілігін айтады. Егер олай болмаса, елдігімізден айырылып қалатынымызды ескертеді.

Абай Құнанбайұлы « Интерната оқып жүр... » атты еңбегінде:

Пайда ойлама, ар ойла,
Талап қыл артық білуге.
Артық ғылым кітапта
Ерінбей оқып көруге.
Военный қызмет іздеме
Оқалы киім киюге,
Бос мақтанға салынып,
Бекер көкірек керуге.
Қызмет қылма оязға
Жанбай жатып сөнуге.
Қалай сабыр қыласың
Жазықсыз күнде сөуге? [3]

бұл айтылғаннан бізге оқығаныңды қоғам игілігіне жұмса, көп білуге талаптан іс – әрекетінді жеңілдетеді деген керемет ой тастайды. Одан әрі ақылгөй Абай жаттан атақ алып, жазықсыз халқыңа тізенді батырма, обалына қаларсың деп, зиялы қауымның ұлтжанды болуын қалайды. Иә, бұл жастар мен ел ағаларының әрдайым қайда болмасын жадында сақтайтын бағдаршамы болғанын қалаймын.

Ахмет Байтұрсынұлы Абайдың ойын ширата түсіп:

Әу десе аймайды халық бәрін
Не үшін біз жыймаймыз халық қалін
Оңбасымыз пайдасына шалынбасақ
Халықтың татып тұрып тұз бен дәмін
Келіңіз сөйлеселік би ағалар

Қайткенде бұл халықтың оңар жағын [2]

жаратылады“ деген шығыс даналығын қуаттай отыра, бүкіл қоғамды байлыққа кенелтетін де, оның өркендеуіне белсенді ат салысатын да, көпшілік екенімен келіседі. Олай болса сол қадірді бағалауға шақырады. Оқыған және ел ағаларын халықтың мұң – мұқтажын барынша түсініп, содан кейін ғана қам қылуын

сұрайды. Қазіргі көпшілік те, ХХІ ғасырлық хакімдердің де солай болғанын қалайтыны бәрімізге аян.

Енді Абай Құнанбайұлының тәржімаларына назар салсақ:

Өнерсіздің қылығы -

Тура сөзін айта алмай.

Кик етуге бата алмай.

Қорлықпенен шіруге:

Аз ақшаға жалданып.

Өбес іске алданып,

Жол таба алмай жүруге.

Алыста болса, іздеп тап

Кореннойға кіруге. [3]

деуі данышпан Абай білімсіз және іскерсіз болсаң біріншіден, бәріне жалтақтай өмір сүресің, екіншіден, өмір бақи жалдамалы жұмысшының ғұмырын кешетінін білдіргісі келеді. Сондықтан да "заманың түлкі болса, тазы болып қу демекші" талап қылып біліктілігіңді шыңда жерде қалмайтынын шегелейді. Мұны қазіргі оқып жүрген жастар құлағына мықтап құйып алса жаман болмас еді.

Ұлттың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының ұлы ақын, философ Абаймен ұлттжандылық үндестігіне қараңыз:

Жігіттер ойламасақ күн ілгері

Халқыңа айтып келмес, келсе тарлық

Халқына не айтсаңыз да өздерің біл

Әйтеуір біздің мұнан байлық жарлық

Келіңіз жегілетік бір арбаға

Күштенбей жалғыз – жалғыз құр далаға [2]

деуі асыл саңлақтарымыздың ұлттың ұлылығын сақтап қалуға деген жанашырлықтың үлгісі емес пе? Халық « үш күндігін ойламаған әйелден без, үш жылдығын ойламаған еркектен без « демекші, бүгінгі жанталас заманда бабаларымыздың қайсарлығын бере ғой деп, бірлікті ту қылып ұстап, ақыл ойға жүгінсек алынбайтын қамал болмайды! Биік асуларды бағындыруда ынтымағы жарасқан Қазақстан халқына сәттілік тілеймін!

Қолданылған әдебиеттер

1. Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 5-6 бет.

2. Байтұрсынұлы А. Азаматқа .5-том.-Алматы, 2006.-185 бет.

3. Құнанбайұлы А. Интерната оқып жүр....- Алматы, " Жалын"-1995, 42 бет.

THE HISTORY OF PHILOSOPHY

Есбол Галымқазы Шәріпұлы

А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай мемлекеттік университеті, Қазақстан

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ МЕН АБАЙ – ҰЛТ ҰЙТҚЫСЫ

Дана – халық жүрегі,
Халық – дана тірегі.

XXI ғасырдағы жер шарының түкпір – түкпірін қамтыған жаһандасу үрдісі кішігірім ұлттар мен ұлыстардың «құмға сіңген судай» дәстүр мен салтын жоғалтып алу қаупін тудырды. Біз Егемендік алған кезде Ата заңымызда қазақ тілі – мемлекеттік тіл болады деген өте дұрыс шешім қабылданып, ұлттық болмысымызды сақтап қалуға өте маңызды кадам жасалды. Қазақ елінің кезінде патшалық Ресейдің отарлық бұғауынан босаналмай және кейін Кенес дәуірінде қанатымызды кеңінен қағалмай келген тарихымыздың ақтандықтарын «саралап көңілге түйуге кеңінен жол ашылды. Қазақ халқының жеке мемлекет болып, басқалармен шаңырағы тең болуын армандаған ғұламаларымыз Ахмет Байтұрсынұлы мен Абай Құнанбайұлының тағылымдарына тоқталғанды жөн көріп отырмын.

Ахмет Байтұрсынұлы 1915 жылы «Қазақ» газетінің №163 санында берілген «Қойан» атты өлеңінде :

“Мүз төсеп, қармен басып, құбан қып тұр,

“Мал құтын ойсыратам, ойам” деп тұр.

“Қабанды қоймен өтсе имену жоқ

Бір жайып жүрегінді қойам” деп тұр. [1]

дегенінен табиғат мезгілінің құбылмалылығын сөз ете отырып, дүниеде де бәрі өзгерісте екенін, сол кездегі қазақ қоғамының басына түскен ауыртпалығы жанына батып, жұртты қамсыз қалмауға шақырады.

Ал Абай болса «4-ші қара сөзінде»: “Қулық саумақ, көз сүзіп, тіленіп, адам саумақ – өнерсіз иттің ісі. Әуел құдайға сыйынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп, еңбегінді сау, еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды.” [2] дегені Ахаңның жан айқайын тереңдете түсіп, Абай Жаратушының сыйын күтпей, қайратыңа жүгінсең ғана барлық қиыншылықтарды жеңесің деп жол көрсетеді. Иә, әр буынның басына түскен сынақтары болады. Бүгінгі нарық дағдарысы қыспаққа алған кезеңде болашақ ұрпаққа даналарымыздың тәлімдерінің құндылығын түсінуіміз керек сияқты.

Әрі қарай Ахмет Байтұрсынұлы сол уақыттағы қазақ қоғамындағы хал-ауалды :

Ала көз қимасына жетіп алып,

“Малды алып, адамыңды ашықтырып,

Қырамын бәрінді де жойам!” деп тұр.
Ал, Алаш ,білге салып ,бермен жібер!
Ол қай бір- біріне неге тобам “ деп тұр. [1]

Аханның бұлай деуі бүгінгі заманның көрінісін дөп басып көрсеткені емес пе. Дүниеде бәрі кездейсоқтыққа толы: табиғат апаттары мен тіршілік әлемінде де табиғи және жасанды түрде пайда болатын қарама- қайшылықтар болып тұрады. Біз болсақ оларды жеңу үшін жаратылғанбыз және "Алаш!" деп ұрандай отыра, қандай да болмасын бұғаудан "бірлік болса ғана- тірлік болатынын " айтады.

Енді хакім Абайдың назын қарастырайық:

Ғалымнан надан артпас ұққанменен .

Тағдыр көрмей қоймайды бұққанменен.

О – дағы қалыбынан аса алмайды .

Жауқазын ерте көктеп шыққанменен. [3]

деп, Ахметтің бірігіп қана үлгілі қоғамын құру үшін де, Абайша адамзатты мақсатына жеткізетін білімді терең игеру керектігін алға тартады. Өздерің көріп отырғандай ХХІ ғасыр технологиялық және ақпараттық ” Жарылыс ” заманы. Ондағы өміршең озық ғылыми үлгілерді өз мүдделерімізге сай оңтайлы және дер кезінде қолдана алмасақ ертең кеш болатынын ұққандарыңыз абзал.

Сол үшін Елбасымыз Н.Назарбаев 2014 жылы 12 қарашада «Нұрлы жол – Болашаққа бастар жол» атты кезекті Халыққа Жолдауында: ” Индустрияландру бағдарламалары шеңберінде базаларында ғылымның экономика салаларымен және мамандар дайындаумен байланысы қамтамасыз етілетін 10 ЖОО анықталды. Осы мақсаттарға 2017 жылға дейін 10 миллиард теңге бағыттай отырып, осы жоғары оқу орындарының материалдық – техникалық базасын қалыптастыруды тапсырамын. “ деген болатын. [4]

Ахмет Байтұрсынұлы сонау 1915 жылдың өзінде-ақ :

” Әй мұжық , сізде мына біл! “ деп отыр,

” Сөзімді құлағыңа ал! “ деп отыр.

” Қорқытып қазақтардан көп қолқа алғыш.

Атақты мен ақ қойан жыл “ жыл деп отыр. [1]

Мұнан Ахаң патша шенеуніктерінің билік бізде деп жергілікті, әсіресе қазақ қауымын жөнсіз қыспаққа ала беруге болмайды, замана соққан-жел, ертең қай жағыңнан шығатынын ешкімде білмейтінін түсіндірмек болды. Ұлтжанды Ахаң "жылқы мінездес ,бөрі тектес " қазақ халқының жарқын болашағы әлі алда екеніне кәміл сенді.

Абай Құнанбайұлы «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» назар салайық :

Жасымда ғылым бар деп ескермедім ,

Пайдасын көре тұра тексермедім .

Ержеткен соң түспеді уысыма ,

Қолымды мезгілінен кеш сермедім. [5]

дегені Ахметтің ” білу үшін де, бірігу үшін де –білім керектігіне “ саяды.

Абай ойын әрі қарай тарката:

Баланы оқытуды жек көрмедім.

Баламды медресеге біл деп бердім ,

Қызмет қылсын,шен алсын деп бермедім. [5]

Мұнда ғұлама Абай “ ұқтырғанды ұққан боп ,түсінбегенінді қайтейін “ білім алсан бодандықтан шығатын жол ізде ,елге қызмет ет. Бабалардан мирасқа қалған кең байтақ жерге не болып қалуды ойла.Ел болам десен төріңді берме, далада қалып қойуын мүмкін деп, бізге ұлтжанды болуды дәріптейді. Но “Интернатта оқып жүр талай қазақ баласы “ демекші, бүгінде сыртта Англияда, Америкада, Қытайда оқып жүрген жастар Ахмет пен Абайдың уағыздарын еске алса нұр үстіне нұр жауар еді. Қазақстанның “ Мәңгілік Елге! ” айналатынына шүбә келтірмес едік.

Көшбасшымыз Н.Назарбаев Қазақстандықтарға арнаған Халыққа Жолдауында: “Өткен тарихымызға тағзым да, бүгінгі бақытымызға мақтаныш та, гүлденген келешекке сенім де Мәңгілік Ел деген күдіретті ұғымға сыйып тұр. Отанды сүю – бабалардан мирас болған ұлы мұраны қадірлеу, оны көздің қарашығындай сақтау, өз үлесінді қосып, дамыту және кейінгі ұрпаққа аманат етіп, табыстау деген сөз. Барша қазақстандықтардың жұмысының түпкі мәні – осы! “ [4] деп бүкіл қазақ еліне ұран тастады. Барша қазақстандықтарға ” жұмыла көтерген жүк жеңіл “ демекші, алда орындайтын биік мақсаттар барын және барлық іске үлкен жауапкершілікпен қарауды жүктеді. Отандастарыма Қазақ елін өркендетуге жаппай ат салысыңыздар демекпін!

Қолданылған әдебиеттер

1.Байтұрсынұлы А. Қойан.- 5 том.-Алматы, ”Алаш”,-2006.-176 бет.

2. Құнанбайұлы А. 4-ші кара сөзі.- 2 том.- Алматы.-1977,-135 бет.

3.Құнанбайұлы А. Ғалымнан надан артпас ұққанменен .- Алматы, ” Жалын” -1995, 183бет.

4.Н.Назарбаев «Нұрлы жол-Болашаққа бастар жол» Қазақстан халқына Жолдауы. ”Егемен Қазақстан” №221,12.11.2014.-2бет.

5.Құнанбайұлы А.Жасымда ғылым бар деп ескермедім.- Алматы, ” Жалын”-1995, 19 бет.